

Соңы жаңалықтарға жол ашық

31 мамыр - 1 маусым аралығында ҚР Білім және ғылым министрлігінің қолдауымен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университетінің 50 жылдық мерейтойына арналған «Ғылымдағы заманауи интеграциялық басымдықтар: зерттеуден инновацияға дейін» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция өтті.

Ол білім мен ғылым саласындағы атқарылып жатқан жұмыстардың нәтижелерін талқылауды, зерттеу мен инновация саласындағы жоғары оқу орындары арасындағы өзара тәжірибе алмасуды көздеген еді. Оған ғылыми қоғамдастықтың 60-тан астам өкілі және еліміздің өзге де жоғары оқу орындарының, Ресейдің ғалымдары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің, облыс және қала әкімдіктерінің өкілдері, студенттер қатысты.

- Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жолдауында бүгінгідей жаһандану жағдайында мемлекет пен адам озық, бәсекеге сай болуы үшін ең бірінші білім мен ғылымның өркендеуі қажеттігін айтқан болатын. Осы конференцияның білімді, ғылымды және өндірісті өзара ұштастыруға, халықаралық ғылыми ынтымақтастықты дамытуға қосар үлесі мол болатынына сенеміз. Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті – өңір экономикасының дамуы мен жетістіктеріне ғылыми-практи-

калық үлес қосқан елімізге, өңірімізге белгілі әлеуетті білім беру және ғылыми-зерттеу кешені. Оқу орнының жарты ғасырлық тарихындағы қызметі өңірдегі халық шаруашылығымен еліміздегі ғылыми мекемелермен тығыз байланыста жүргізіліп келеді. Мұның өзі аймақтың экономикасындағы түйінді мәселелерді уақтылы және сапалы шешуге әсер етуде, - деді облыс әкімінің орынбасары Марат Кәрімов конференцияның ашылуымен құттықтанған сөзінде.

БҚАТУ-дың ғалымдары өздерінің ғылыми зерттеулерінде өңір экономикасының ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып жүргізеді. Бұл - әлемдік тәжірибедегі бар нәрсе, университеттер аймақтың инновациялық дамуының бастамашысы болып, инновациялық жаңалықтарды енгізудің бағыттарын айқындауға үлес қосады. «Біздің университеттің алдында білім-білігі жоғары мамандар даярлау міндеті тұр. Мұны тек өзге ЖОО-лармен, ғылыми-зерттеу институттарымен және өндіріспен бірлескен жұмыстың арқасында шешуге болады. Біздің оқу орнында ғылыми жасақтамалар өндірісте белгілі бір жетістіктерге жеткенге дейін сұранысқа ие бола бастады», - деді Жәңгір хан атындағы БҚАТУ-дың ректоры Қазыбай Бозымов өзінің баяндамасында.

Университет өз ғалымдарының зерттеулерін іске асыру жолында «Парасат» Ұлттық ғылыми-технологиялық холдингімен бірге жұмыстануда. «Бекіре балықтарын өсірудің аквакуль-



туралық технологиясын жасақтау» жобасы бойынша қолға алынған жұмыстар – соның бір мысалы. Одан басқа 34 ғылыми жоба жүзеге асырылуда. 2013 жылға гранттық қаржыландыру көлемі 141 млн 150 мың теңгені құрады. Елбасының қолдауымен республикада ашық үлгідегі 5 ұлттық зертхана мен инженерлік бейіндегі 15 университеттік зертхана құрылды. Сондай инженерлік бейіндегі зертхананың бірі БҚАТУ-да құрылды. Инженерлік бейіндегі зертхана ветеринария, мал шаруашылығы, микробиология, өсімдіктердің жасушалық мәдениеті, қоршаған орта объектілерін мониторингілеу бағыттары бойынша жоғары ғылыми-әдістемелік деңгейдегі зерттеулер жүргізуге мүмкіндік беретін заманауи құрал-жабдықтармен қамтамасыз етілген. Ғылыми зерттеулер жүргізу барысында университет Ресейдің алдыңғы

қатарлы жоғары оқу орындарымен, 40-тан астам шетелдік әріптестермен, соның ішінде Эстон жаратылыстану ғылымдары университетімен (Эстония), Банат ауыл шаруашылығы ғылымы мен ветеринарлық медицина университеті (Румыния), Топырақтану институты (Сербия) және өзге ЖОО-лармен тығыз байланыс орнатқан.

Конференцияда ҰҒА-ның академигі, «Парасат» ҰҒТХ» АҚ-ның ғылыми кеңесшісі Нұралы Бектұрғанов холдингінің ғылыми жасалымдарды коммерциялау үрдістерін дамыту тәжірибесі, Краснодар ғылыми-зерттеу ветеринарлық институтының ғылыми хатшысы Елена Кузьмина ветеринарлық фармацевцияны дамытудың мәселелері, Қазақ ФЗВИ-дің эпизоотология және мониторинг зертханасының меңгерушісі, ветеринарлық ғылымдардың докторы Әскен Әбутәліп еліміздегі эпизоотоло-

гиялық жағдай, С.Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік университетінің өкілі Досым Ерболатұлы өзі еңбек ететін университеттің ғылыми зертханасының жұмыстары жайында баян етті және университетті мерейтойымен құттықтады. Сондай-ақ Ресейдің және еліміздің түкпір-түкпірінен келген ғалымдар да жүреуларды құттықтау лебіздерін білдірді.

БҚАТУ-дың «Пеноәйнекті алу әдісі» жобасы республикалық өнертабыс саласындағы бөйгеде «Жылдың үздік өнертабысы» аталымы бойынша үздік деп танылды. Соған орай ҰҒА-ның академигі, «Парасат» ҰҒТХ» АҚ-ның ғылыми кеңесшісі Нұралы Бектұрғанов үздік деп танылған жобаның авторы машина жасау факультетінің деканы, техникалық ғылымдардың докторы, профессор Сәрсенбек Монтаевқа диплом және университетке 200 мың теңге ақшалай сыйлық табыс етті.

Пленаралық отырыстан кейін секциялық жұмыстар өтті. Конференцияның екінші күні «Ұлттық зертханалар мен инженерлік бейіндегі зертханалар - Қазақстан ғылымының даму нүктелері» секциясының жұмысы және шараны қорытындылау жиналысына арналды. Қатысушылардың айтуынша, бұл конференция қазақстандық және шетелдік ғылымдардың, Қазақстанның ұлттық және инженерлік зертханаларының арасындағы ашық сұхбат алаңы болды.

**Гүлбаршын ӘЖІГЕРЕЕВА,
«Орал өңірі»**